

Баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдардың тауарлары мен көрсетілетін қызметтерін сатып алу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 30 маусымдағы № 412 бұйрығы.
Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 9 қыркүйекте № 14223 болып тіркелді.

"Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы" 2002 жылғы 8 тамыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 30-бабының 3-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдардың тауарлары мен көрсетілетін қызметтерін сатып алу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитеті (М.С.Әбдікәрім) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде осы бұйрықтың көшірмелерін "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде және мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялау үшін электрондық тасымалдағышта елтаңбалы мөрмен куәландырылған қағаз данасын қоса бере отырып жолдауды;

3) тіркелген осы бұйрықты алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің мөрімен расталған және осы бұйрыққа қол қоюға уәкілетті адамның электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған баспа және электрондық түрдегі көшірмелерін Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жолдауды;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

5) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң қызметі және халықаралық ынтымақтастық департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі Э.А. Суханбердиеваға жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

	Қазақстан Республикасы
	Білім және ғылым министрінің
	2016 жылғы 30 маусымдағы
	№ 412 бұйрығымен бекітілген

Баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдардың тауарлары мен көрсетілетін қызметтерін сатып алу қағидалары
1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы "Қазақстан Республикасындағы балалардың құқықтары туралы" 2002 жылғы 8 тамыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 30-бабының 1-тармағына сәйкес баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдардың тауарлары мен көрсетілетін қызметтерін сатып алу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдардың тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу тәртібін белгілейді.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 29.05.2017 № 251 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-1. Табиғи монополия салаларына жататын тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдар бір көзден алу тәсілімен тікелей шарт жасасу арқылы жүзеге асырылады.

Егер біртекті тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің құндық мәніндегі жылдық көлемі республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген жүз еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінен аспаса, осындай біртекті тауарларды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу осы Қағидалардың 51-54-тармақтарында көрсетілген тәртіппен жүзеге асырылады.

Ескерту. 1-тарау 1-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 29.05.2017 № 251 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдар белгілі бір қызметті көрсетуге немесе тауарларды жеткізуге мамандандырылған заңды немесе жеке тұлғалар болып табылатын тауарлар мен көрсетілетін қызметті жеткізушілерден сатып алады.

3. Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) әлеуетті өнім беруші – қызмет көрсету немесе тауарларды жеткізу туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті, материалдық, қаржылық және еңбек ресурстары бар қызмет көрсету немесе тауарларды жеткізу туралы шарт жасасуға үміткер, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға, заңды тұлға (егер Қазақстан Республикасының заңдарында олар үшін өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік мекемелерді қоспағанда), заңды тұлғалардың уақытша бірлестігі (консорциум);

2) интернет-ресурс – аппараттық-бағдарламалық кешенде орналастырылатын, бірегей желілік мекенжайға және (немесе) домендік аты бар және Интернетте жұмыс істейтін, мәтіндік, графикалық, аудиовизуалды немесе өзге де түрде бейнеленетін электрондық ақпараттық ресурс;

3) конкурстық комиссия – конкурс өткізу үшін конкурсты ұйымдастырушы құратын алқалы орган ;

4) конкурстық құжаттама – конкурсқа қатысуға өтінімді дайындау үшін әлеуетті өнім берушіге ұсынылатын құжаттама, онда конкурсқа қатысуға өтінімге қойылатын талаптар, конкурстың шарттары мен тәртібі қамтылады;

5) конкурсты ұйымдастыру және өткізу рәсімі – тиісті комиссия әлеуетті өнім берушімен көрсетілетін қызметтерді көрсету немесе тауарларды жеткізу туралы шарт жасасу мақсатында конкурсты ұйымдастырушы осы Қағидаларға сәйкес жүзеге асыратын өзара байланысты, жүйелі іс-шаралар кешені;

6) конкурсты ұйымдастырушы (тапсырыс беруші) – балаларды әлеуметтік қолдауды, әлеуметтік-тұрмыстық, медициналық-әлеуметтік, әлеуметтік-педагогикалық, психологиялық-педагогикалық, құқықтық қызметтер көрсету мен материалдық көмек көрсетуді, өмірде қиын ахуалға тап болған балаларды әлеуметтік оңалтуды, мұндай балалар еңбекке қабілетті жасқа жеткенде олардың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз етуді жүзеге асыратын баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйым;

7) көрсетілетін қызмет берушіні таңдау өлшемшарттары – әлеуетті өнім берушінің қызмет көрсету бойынша мүмкіндіктері мен жағдайларын бағалау негізінде жасалатын белгілер;

8) қаржы жылы – күнтізбелік жылдың 1 қаңтарынан басталып 31 желтоқсанында аяқталатын уақыт кезеңі;

9) өнім беруші – қызмет көрсету немесе тауарларды жеткізу туралы шарт жасасқан кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға немесе заңды тұлға;

10) сарапшы – баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдардың сатып алынатын тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің техникалық тапсырмасын әзірлеуге және (немесе) әлеуетті өнім берушілер ұсыныстарының сатып алынатын тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің техникалық тапсырмаға сәйкестігіне қатысты сараптамалық қорытындыны дайындауға қатысу үшін конкурс ұйымдастырушы тартатын, өткізілетін конкурс саласында тиісті құжаттармен (дипломдармен, сертификаттармен, куәліктермен және басқа да құжаттармен) расталатын арнайы және (немесе) техникалық білімі, тәжірибесі мен біліктілігі бар жеке тұлға;

11) тауарларды жеткізушіні таңдау өлшемшарттары – әлеуетті өнім берушінің тауарларды жеткізу бойынша мүмкіндіктері мен жағдайларын бағалау негізінде жасалатын белгілер;

12) тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу – тапсырыс берушінің тауарларды осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен сатып алуы;

13) шарт – тапсырыс беруші мен өнім беруші арасында қызметтер көрсету немесе тауарларды жеткізу туралы жасалған азаматтық-құқықтық шарт.

2-тарау. Баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдардың тауарлары мен көрсетілетін қызметтерін сатып алу тәртібі

4. Тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу тәртібі мыналарды қамтиды:

- 1) тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жоспарлау;
- 2) жеткізушіні таңдау және онымен жеткізу туралы шарт жасасу;
- 3) шартты орындау.

1-параграф. Тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жоспарлау тәртібі

5. Конкурстың ұйымдастырушысы тиісті бюджеттің негізінде осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу жоспарын әзірлейді және бекітеді.

Көрсетілетін қызметтер мен тауарларды сатып алу жоспарын конкурсты ұйымдастырушы тиісті бюджет бекітілген күнінен бастап он жұмыс күні ішінде бекітеді.

Тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу жоспары тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге қажеттілік негізінде қаржы жылына қалыптастырылады.

6. Көрсетілетін қызметтерді немесе тауарларды сатып алу туралы шешімді конкурсты ұйымдастырушы тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алудың бекітілген жоспарының негізінде қабылдайды.

7. Конкурсты ұйымдастырушы көрсетілетін қызметтер мен тауарларды сатып алу жоспары бекітілген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде оны конкурсты ұйымдастырушының интернет-ресурсында орналастырады.

Конкурсты ұйымдастырушының жеке интернет-ресурсы болмаған жағдайда көрсетілетін қызметтер мен тауарларды сатып алу жоспары білім беру, денсауық сақтау немесе халықты әлеуметтік қорғау органының (бұдан әрі - орган) интернет-ресурсында және (немесе) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымдарында орналастырылады.

8. Тапсырыс берушіден тәуелді емес себептерге байланысты көлемінің өзгеруіне байланысты тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу жоспарына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу тапсырыс берушінің бекітілген бюджетіне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген , сондай-ақ экономикалық классификацияның ерекшелігі өзгерген жағдайларда жүзеге асырылады.

Конкурсты ұйымдастырушы тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу жоспарына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы шешім қабылданған күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде енгізілген өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды интернет-ресурсында орналастырады.

Конкурсты ұйымдастырушының интернет-ресурсы болмаған жағдайда тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу жоспарына өзгерістер және (немесе) толықтырулар органның интернет-ресурсында және (немесе) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымдарда орналастырылады.

2-параграф. Жеткізушіні таңдау және онымен жеткізу туралы шарт жасасу тәртібі

9. Конкурсты ұйымдастырушы тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді жеткізушіні таңдауды конкурстық негізде жүзеге асырады.

Конкурсты ұйымдастырушы тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді лоттарға бөлуге шешім қабылдаған кезде, конкурстық құжаттаманы жасап, әр лотқа бөлек ұсынады.

10. Тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді жеткізушіні таңдау рәсімі конкурсты ұйымдастырушының келесі жүйелі іс-шараларды орындауын көздейді:

1) Баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдардың тауарлары мен көрсетілетін қызметтерін жеткізушіні таңдау жөніндегі үлгілік конкурстық құжаттаманы (бұдан әрі - Конкурстық құжаттама) бекіту;

2) конкурстық комиссия құрамын қалыптастыру және бекіту;

3) конкурсты ұйымдастырушы тарапынан әлеуетті өнім берушіні таңдау рәсімін жүзеге асыру туралы хабардар ету;

4) әлеуетті өнім берушілерден конкурсқа қатысуға құжаттарды қабылдау;

5) комиссияның көрсетілетін қызмет берушілерге немесе тауарларды жеткізушілерге қойылатын талаптарға сәйкес келетін және (немесе) сәйкес келмейтін әлеуетті өнім берушілерді айқындау үшін құжаттарды қарауы;

6) қызмет көрсету немесе тауарларды жеткізу туралы шарт жасасу.

11. Конкурсты ұйымдастырушы осы Қағидаларға 2-қосымшасына сәйкес қазақ және орыс тілдерінде Конкурстық құжаттама әзірлейді және бекітеді.

Конкурстық құжаттама

Конкурстық құжаттамаға 1-қосымшаға және 2-қосымшаларға сәйкес конкурсқа қатысуға өтінімді ;

Конкурстық құжаттамаға 3 және 4-қосымшаларға сәйкес баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдардың тауарлары мен көрсетілетін қызметтерін жеткізушіні таңдау жөніндегі конкурстық құжаттамаға техникалық тапсырманы;

Конкурстық құжаттамаға 5 және 6-қосымшаларға сәйкес тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді жеткізушіні таңдау өлшемшарттарын;

Конкурстық құжаттамаға 7-қосымшаға сәйкес сатып алынатын тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің тізбесін қамтиды.

Конкурсты ұйымдастырушы Конкурстық құжаттаманы интернет-ресурсында орналастырады.

Конкурсты ұйымдастырушының жеке интернет-ресурсы болмаған жағдайда Конкурстық құжаттама органның интернет-ресурсында және (немесе) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымдарда орналастырылады.

Әлеуетті өнім берушілердің талаптары бойынша Конкурстық құжаттама қағаз түрінде беріледі.

13. Конкурстық комиссия төраға, төраға орынбасарынан және комиссияның мүшелерінен тұрады және баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйым басшысының бұйрығымен бекітіледі. Комиссия мүшелерінің жалпы саны тақ санды құрайды, бірақ бес адамнан кем болмауы тиіс.

14. Ұйымның бірінші басшысы комиссия төрағасы болып табылады.

Комиссия төрағасы комиссияның жұмысын жоспарлайды және комиссия отырыстарында төрағалық етеді. Комиссия төрағасы болмаған уақытта оның функцияларын комиссия төрағасының орынбасары атқарады.

15. Конкурстық комиссия төрағасының орынбасары ретінде ұйым басшысының орынбасары, ал штаттық кестеде ұйым басшысы орынбасарының лауазымы болмаған жағдайда функционалдық міндеттемелерге сәйкес ұйымның бірінші басшысының міндеттемелері жүктелетін тұлға болып табылады

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 29.05.2017 № 251 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

16. Комиссияның ұйымдастырушылық қызметін ұйымның лауазымды тұлғаларының ішінен айқындалатын комиссия хатшысы қамтамасыз етеді. Хатшы комиссия мүшесі болып табылмайды.

17. Конкурстық комиссия оның құрылуы туралы бұйрық заңды күшіне енген күнінен бастап қызмет етеді және өзінің қызметін тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді жеткізу туралы шарт жасалған күннен бастап тоқтатады.

18. Конкурстық комиссияның отырысы комиссия мүшелерінің кемінде үштен екісі қатысқан жағдайда, заңды болып табылады. Конкурстық комиссия мүшелерінің біреуі болмаған жағдайда, конкурстық комиссия отырысының хаттамасында оның болмау себебі көрсетіледі.

19. Конкурстық комиссия шешімі ашық дауыс беру арқылы қабылданады және отырысқа қатысқан комиссия мүшелерінің жалпы санынан оған көп дауыс берген жағдайда шешім қабылданған болып

есептеледі. Дауыстар тең болған жағдайда, комиссия төрағасы, ол болмаған жағдайда комиссия төрағасының орынбасары дауыс берген комиссия мүшелерінің шешімі қабылданған болып есептеледі.

20. Конкурстық комиссия шешімдерін хаттамалар түрінде комиссия хатшысы ресімдейді, оның әрбір парағына және соңына төраға, төраға орынбасары және қатысып отырған комиссияның мүшелері қолдарын қояды.

Комиссия отырысының хаттамасы қатысып отырған, қатыспаған комиссия мүшелері, дауыс санын (жақтау, қарсы) көрсете отырып, комиссия отырысында қабылданған шешім туралы мәліметтерді қамтиды.

Әлеуетті өнім берушінің немесе оның өкілінің сұранысы бойынша қабылданған шешімге қатысты комиссия отырысының хаттамасы үзіндісінің көшірмесі беріледі.

21. Қажет болғанда тапсырыс беруші сатып алынатын тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің техникалық тапсырманы әзірлеу және әлеуетті өнім берушілер ұсынатын тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің техникалық тапсырмасына сәйкестігіне қатысты сараптамалық қорытындыны дайындау үшін сарапшыны тартады.

Сарапшыға "Мемлекеттік сатып алу туралы" 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 27-бабының 2-тармақшасында қарастырылған талаптары қойылады.

22. Конкурсты ұйымдастырушы конкурстық құжаттама бекітілген күннен бастап күнтізбелік жеті күн ішінде осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша интернет-ресурсында конкурс туралы хабарландыруды орналастыру арқылы әлеуетті өнім берушілерді хабардар етеді.

Конкурсты ұйымдастырушының жеке интернет-ресурсы болмаған жағдайда органның және (немесе) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымдарда конкурс туралы хабарландыру орналастырылады.

Әлеуетті өнім берушілердің конкурсқа қатысуға өтінімдерін ұсынатын мерзімнің соңғы күні конкурстық хабарлама орналасқан күннен бастап кемінде күнтізбелік жеті және он бес күннен аспауы қажет.

Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 29.05.2017 № 251 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

23. Конкурстық комиссияның хатшысы әлеуетті өнім берушілерге конкурстық құжаттаманың көшірмелерін қол қойғызып береді және деректерді осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша конкурстық құжаттаманың көшірмесін алған тұлғаларды тіркеу журналына енгізеді.

Тұлғаларды тіркеу журналы тігіледі, беттері нөмірленеді, соңғы парағы конкурсты ұйымдастырушының мөрімен бекітіледі.

24. Әлеуетті өнім беруші немесе сенімхат бойынша оның өкілі конкурсқа қатысу үшін келесі құжаттарды ұсынады:

1) Конкурстық құжаттамаға 1 және 2-қосымшаларға сәйкес қазақ және орыс тілдерінде жасалған және әлеуетті өнім берушінің қолы қойылып, мөрімен (бар болса) куәландырылған конкурсқа қатысуға өтінім;

2) құқықтық қабілетін және азаматтық қабілеттілігін растайтын құжаттар:

заңды тұлғалар үшін:

заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің көшірмесі немесе анықтама;

шетелдік заңды тұлғалар үшін:

шетелдік заңды тұлғаның шет мемлекеттің заңнамасы бойынша заңды тұлға болып табылатынын растайтын шетелдік заңды тұлғаның құрылтай құжаттары немесе басқа да заңдастырылған құжаты;

жеке тұлғалар үшін:

жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы куәлік көшірмесі;

жеке басты куәландыратын құжат көшірмесі;

конкурсқа қатысуға өтінім беруге, қол қоюға, комиссия отырысына қатысуға құқық беретін оның мүдделерін білдіретін тұлғаға сенімхат;

3) конкурстық өтінімдері бар конверттерді ашу күнінің алдындағы бір айдан бұрын емес алынған салық төлеушінің салық берешегінің, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша берешегінің жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтер;

4) конкурсқа қатысуға банктік кепілдік немесе кепілдік берілген ақшалай жарна түрінде өтінімді қамтамасыз етуді растайтын құжаттың түпнұсқасы;

5) Конкурстық құжаттамаға 3 және 4-қосымшаларға сәйкес көрсетілетін қызметті берушіні және тауарларды жеткізушіні таңдау бойынша баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдардың конкурстық құжаттамаға техникалық тапсырма.

25. Әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысуға өтінім беру арқылы Заңның 6-бабында қарастырылған шектеулер туралы хабардар екендігін білдіреді.

26. Құжаттар топтамасын әлеуетті өнім беруші конкурсты ұйымдастырушыға тігілген, парақтары нөмірленген түзетусіз түрде ұсынады. Өтінімнің соңғы парағына бірінші басшының қолы қойылады және мөрімен (бар болса) бекітіледі.

Конкурс лоттар бойынша бөлінген жағдайда, әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысуға құжаттарды әр лотқа бөлек ұсынады.

27. Конкурстық комиссияның хатшысы өтінімдері бар конверттерді қабылдайды және осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес конкурсқа қатысуға өтінімдерді тіркеу журналына конкурсқа қатысуға өтінім берген әлеуетті өнім берушілер туралы мәліметтерді енгізеді.

28. Конкурсты ұйымдастырушы белгіленген мерзім өткеннен кейін ұсынылған құжаттар тіркелуге жатпайды және әлеуетті өнім берушілерге қайтарылады.

29. Конкурстық комиссия әлеуетті өнім берушілердің құжаттары бар конверттерді ашуды хабарландыруда көрсетілген құжаттарды қабылдау аяқталған күні мен уақытында өткізеді.

30. Комиссияның төрағасы қатысушыларға конкурстық комиссияның құрамы, белгіленген мерзімде конкурсқа қатысуға құжаттарды ұсынған әлеуетті өнім берушілердің саны туралы хабарлайды және әлеуетті өнім берушілердің конверттерін ашуды жүзеге асырады.

31. Конверттерді ашу хаттамасы осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресімделеді және конверттер ашылған күнінен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірілмей конкурсты ұйымдастырушының интернет-ресурсында орналастырылады.

Конкурсты ұйымдастырушының жеке интернет-ресурсы болмаған жағдайда конверттерді ашу хаттамасы органның интернет-ресурсында және (немесе) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымдарында орналастырылады.

Ескерту. 31-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 29.05.2017 № 251 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

32. Өтінімдері бар конверттерді ашқан күнінен бастап үш жұмыс күн ішінде конкурстық комиссия конкурсқа қатысуға рұқсат беру үшін толықтығы және конкурстық құжаттамаға сәйкестігі тұрғысынан өтінімді қарайды. Конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келмейтін құжаттар қабылданбайды.

33. Комиссия өтінімдерді ашу кезінде әлеуетті өнім берушілер және (немесе) олардың өкілдері өздерінің қалауы бойынша комиссия қызметіне араласпай қатыса алады.

34. Конкурстық комиссия конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келетін әлеуетті өнім берушілерді айқындайды және олардың конкурсқа қатысуына рұқсат береді.

Әлеуетті өнім беруші осы Қағидалардың 24-тармағында қарастырылған құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда конкурсқа қатысуға жіберілмейді.

35. Осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша конкурстық комиссияның шешімі конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы хаттамамен ресімделеді.

Конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы хаттама комиссия отырысы күнінен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірілмей конкурсты ұйымдастырушының интернет-ресурсында орналастырылады.

Конкурсты ұйымдастырушының жеке интернет-ресурсы болмаған жағдайда конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы хаттама органның интернет-ресурсында және (немесе) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымдарында орналастырылады.

36. Конкурстық комиссия конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы хаттама жарияланған күнінен бастап екі жұмыс күні ішінде рұқсат берілген әлеуетті өнім берушілердің құжаттамасын қарайды.

37. Неғұрлым үздік сипаттамалары бар көрсетілетін қызмет немесе тауар ұсынылған жағдайда, әлеуетті өнім берушінің техникалық тапсырмасының конкурсты ұйымдастырушы жасаған техникалық тапсырмаға сәйкес болмауына жол беріледі.

38. Конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келетін әлеуетті өнім беруші конкурс жеңімпазы болып танылады.

39. Конкурсқа қатысуға екі және одан да көп әлеуетті өнім берушілерге рұқсат берілгенде Конкурстық құжаттамаға 5 және 6-қосымшаларға сәйкес көрсетілетін қызмет немесе тауарларды жеткізушіні таңдау өлшемшарттары қолданылады. Бұл жағдайда, барынша көп балл жинаған және міндеттемелерді ең үздік орындау шарттарын ұсынған әлеуетті өнім беруші конкурс жеңімпазы болып танылады.

39-1. Жинаған балл және ұсынған міндеттемелерді орындау шарттары тең болған кезде сатып алынатын тауарлар мен көрсетілетін қызметтер нарығында, оның ішінде тауарлары мен көрсетілетін қызметтердің ұқсас түрлері бойынша мол жұмыс тәжірибесі бар конкурсқа қатысушы жеңімпаз деп танылады. Бірнеше әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесі тең болған кезде конкурсқа қатысуға өтінімі басқа әлеуетті өнім берушілердің конкурсқа қатысуға өтінімдерінен бұрынырақ келіп түскен конкурсқа қатысушы жеңімпаз деп танылады.

Ескерту. 2-параграф 39-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 29.05.2017 № 251 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

40. Конкурстық комиссияның төрағасы, ол болмаған жағдайда төраға орынбасары конкурстық комиссияның отырысына қатысып отырған тұлғаларға конкурс қорытындыларын жариялайды.

41. Конкурс қорытындылары туралы хаттама осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресімделеді және конкурс қорытындылары туралы хаттама қол қойылған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде конкурсты ұйымдастырушының интернет-ресурсында орналастырылады.

Конкурсты ұйымдастырушының жеке интернет-ресурсы болмаған жағдайда органның интернет-ресурсында және (немесе) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымдарында орналастырылады.

42. Конкурс қорытындылары туралы хаттама қызмет көрсету немесе тауарларды жеткізу туралы шарт жасасуға негіз болып табылады.

Қызмет көрсету немесе тауарларды жеткізу туралы шарт Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында қарастырылған тәртіппен жасалады.

43. Конкурсты ұйымдастырушы:

1) ұсынылған өтінімдер болмағанда;

2) конкурсқа қатысуға бірде-бір әлеуетті өнім беруші жіберілмегенде;

3) конкурсқа қатысуға бір ғана әлеуетті өнім беруші жіберілгенде конкурс өткізілмеді деп таниды.

44. Конкурс өткізілмеді деп танылғанда конкурсты ұйымдастырушы күнтізбелік жеті күн ішінде конкурсты ұйымдастырушының интернет-ресурсында осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша конкурсты қайта өткізу туралы хабарландыруды жариялайды.

Конкурсты ұйымдастырушының жеке интернет-ресурсы болмаған жағдайда конкурс туралы хабарландыру органның интернет-ресурсында және (немесе) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымдарда орналастырылады.

Қайта өткізілген конкурс 43-тармақта көрсетілген жағдайларда өткізілмеді деп танылғанда конкурсты ұйымдастырушы қызмет көрсететін өнім берушіні немесе тауарларды жеткізушіні тарту туралы шешім қабылдайды.

Өнім берушіні тарту осы Қағидалардың 51-54-тармақтарында көрсетілген тәртіппен жүзеге асырылады.

Ескерту. 44-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 29.05.2017 № 251 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

45. Егер конкурсқа екі және одан да көп әлеуетті өнім беруші қатысқан кезде конкурс жеңімпазы шарт жасасудан жалтарғанда конкурстық комиссия көрсетілетін қызметтерді немесе тауарларды жеткізушілерді таңдау өлшемшарттарына сәйкес конкурс жеңімпазынан кейін көп балл жинаған әлеуетті өнім берушімен шарт жасасу туралы шешім қабылдайды.

46. Конкурс жеңімпазы болып танылған әлеуетті өнім беруші конкурс қорытындылары туралы хаттама ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде шарттың жалпы сомасынан үш пайыз мөлшерінде шартты орындауды қамтамасыз етуді енгізеді.

47. Конкурсты ұйымдастырушы әлеуетті өнім беруші шартты орындауды қамтамасыз етуді енгізгеннен кейін екі жұмыс күні ішінде қол қойылған қызмет көрсету немесе тауарларды жеткізу туралы шартты әлеуетті өнім берушіге жолдайды.

48. Өнім беруші шартты алған күнінен бастап екі жұмыс күні ішінде қол қойып қызмет көрсету немесе тауарларды жеткізу туралы шартты конкурсты ұйымдастырушыға қайтарады.

49. Екі жұмыс күні мерзімі ішінде шартқа қол қоймаған әлеуетті өнім беруші шартқа қол қоюдан жалтарған деп есептеледі.

50. Шарт тиісті қаржы жылына міндеттемелер бойынша бекітілген жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес бөлінген қаражат шегінде жасалады және шартты орындау кезінде қаржы жылы шегінде өнім беруші тарапынан бұзушылықтар болмаған жағдайда көрсетілген мерзім аяқталғаннан кейін ұзартылады, бірақ екі реттен артық ұзартылмайды.

Көрсетілетін қызметтер мен тауарларды сатып алу жоспарына өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізілгенде қолданыстағы шартқа қосымша келісім жасалады.

Шарт бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінде міндетті түрде тіркелгеннен кейін күшіне енеді.

Өнім беруші таңдауының негізі болып табылатын сапаның өзгермеуі шарты мен басқа да шарттарда, шартта көрсетілген тауарлар мен қызметтердің бірлігі үшін бағаның өзгермеуі жағдайында жасалған шартқа тапсырыс берушінің бюджетіне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген жағдайларда өзгерістерді енгізуге рұқсат беріледі.

Ескерту. 50-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 29.05.2017 № 251 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

50-1. Шарт бойынша тауарларды берудің, қызметтерді көрсетудің ең аз мерзімі тауарды беруге, оның ішінде оны дайындауға (өндіруге), жеткізуге, қызметтерді көрсетуге кеткен мерзімнен кем болмайды, бірақ кемінде күнтізбелік он бес күнді құрайды.

Ескерту. 2-параграф 50-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 29.05.2017 № 251 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

51. Конкурс қорытындыларын шығарғанға дейінгі, бірақ қаржы жылының кемінде үш айдан аспайтын кезеңге немесе қайта өткізілген конкурс өткізілмеді деп танылғанда қажеттілікке сәйкес қызметтерді көрсету немесе тауарларды жеткізу қажет болғанда конкурсты ұйымдастырушы қызмет көрсететін өнім берушіні немесе тауарларды жеткізушіні тарту туралы шешім қабылдайды.

Аталған шешім қабылданған жағдайда конкурсты ұйымдастырушы қызметтер көрсету немесе тауарларды жеткізу бойынша қызметтер көрсететін немесе тауарларды жеткізетін өнім берушіге сұрату жібереді.

Ескерту. 51-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 29.05.2017 № 251 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

52. Қызмет көрсететін немесе тауарларды жеткізетін өнім беруші келіскен жағдайда конкурсты ұйымдастырушының хаты түскен күнінен бастап үш жұмыс күн ішінде заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің немесе анықтаманың (заңды тұлғалар үшін) немесе жеке кәсіпкерлік ретінде мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің, жеке басты куәландыратын құжаттың көшірмелерін (жеке тұлғалар үшін), шетелдік заңды тұлғаның шет мемлекеттің заңнамасы бойынша заңды тұлға болып табылатынын растайтын шетелдік заңды тұлғаның құрылтай құжаттары немесе басқа да заңдастырылған құжаты (шетелдік заңды тұлғалар үшін) және техникалық тапсырманы қоса беріп, жауап жолдайды.

53. Конкурсты ұйымдастырушы көрсетілетін қызметтерді немесе тауарларды жеткізушіден хат алғаннан кейін бір жұмыс күні ішінде оған қол қойылған қызмет көрсету немесе тауарларды жеткізу туралы шартты жібереді.

54. Өнім беруші шарт жобасын алған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде қол қойылған қызмет көрсету немесе тауарларды жеткізу туралы шартты конкурсты ұйымдастырушыға қайтарады.

55. Конкурстық комиссияның хатшысы екі жұмыс күні ішінде конкурсты ұйымдастырушының интернет-ресурсында көрсетілетін қызметті немесе тауарларды жеткізуші туралы ақпаратты жариялайды.

Конкурсты ұйымдастырушының жеке интернет-ресурсы болмаған жағдайда ақпарат органның және (немесе) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымдарында орналастырылады.

55-1. Ұйымдастырушы мынадай жағдайлардың бірі басталған күннен бастап:

1) осы әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысуға өтінімдер ұсынудың түпкілікті мерзімі өткенге дейін өзінің конкурсқа қатысуға өтінімін қайтарып алған;

2) конкурс қорытындысы туралы хаттамаға қол қойылған (көрсетілген жағдай конкурс жеңімпазы деп айқындалған конкурсқа қатысушыға қолданылмайды);

3) шарт күшіне енген және конкурс жеңімпазы конкурстық құжаттамада көзделген шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізген жағдайларда үш жұмыс күні ішінде әлеуетті өнім беруші енгізген конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді өзіне қайтарады.

Ескерту. 2-параграф 55-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 29.05.2017 № 251 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

55-2. Ұйымдастырушы мынадай жағдайлардың бірі басталған кезде:

1) конкурс жеңімпазы деп айқындалған немесе екінші орын алған әлеуетті өнім беруші тауарлары мен көрсетілетін қызметтерін жеткізу туралы шарт жасасудан жалтарған;

2) конкурс жеңімпазы не екінші орын алған әлеуетті өнім беруші шарт жасаса отырып, конкурстық құжаттамада белгіленген тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді жеткізу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу және (немесе) енгізу мерзімдері туралы талаптарды орындамаған не тиісті түрде орындамаған, оның ішінде уақтылы орындамаған жағдайларда соманы енгізбесе конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді әлеуетті өнім берушіге қайтармайды.

Ескерту. 2-параграф 55-2-тармақпен толықтырылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 29.05.2017 № 251 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

55-3. Осы Қағидалардың 55-2-тармағында көзделген жағдайлардың бірі басталған кезде конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз ету сомасы тиісті бюджеттің кірісіне аударылады.

Ескерту. 2-параграф 55-3-тармақпен толықтырылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 29.05.2017 № 251 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-параграф. Шартты орындау тәртібі

56. Шартты орындау кезінде тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің атауы, саны, сапасы, техникалық тапсырмасы, құны, оларды жеткізу орны мен мерзімі шарттың мазмұнына сәйкес келеді.

57. Тапсырыс беруші мен өнім беруші көрсетілген шарт бойынша қабылдаған міндеттемелерін толық орындаған жағдайда шарт орындалды деп есептеледі.

